

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қарағанды облысының ғылыми-техникалық құжаттама
жөніндегі мемлекеттік архиві» КММ

Аршабеков Т.Т.
«18» 03 2022 ж.



«БЕКІТЕМІН»
Басқарма Төрағасы-Ректор
Дулатбеков Н.О.
2022 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«7М02201-Тарих»
Деңгейі: Магистратура

Қарағанды қ,
2022 ж.

№	Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	3
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі	3
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	3
4	Кредиттер көлемі	3
5	Оқу түрі	3
6	Оқу тілі	3
7	Берілетін академиялық дәреже	3
8	Білім беру бағдарламасының түрі	3
9	БЖХС бойынша деңгей	3
10	ҰБШ бойынша деңгей	3
11	СБШ бойынша деңгей	3
12	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	3
	ЖОО партнер (серіктес)	3
	ЖОО партнер (серіктес)	3
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	3
14	Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі	3
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	3
16	Түлектің біліктілік сипаты	3
а)	Біліктілік пен лауазымдар тізбесі	3
в)	Кәсіби қызмет саласы мен объектілері	3
в)	Кәсіби қызмет түрлері	3
г)	Кәсіби қызметінің функциялары	4
17	Түлек моделі	13

Білім беру бағдарламасының төлқұжаты

1 Білім беру бағдарламасының коды мен атауы: 7M02 өнер және гуманитарлық ғылымдар

2 Білім беру саласының коды және жіктелуі: 7M022 гуманитарлық ғылымдар

3 Білім беру бағдарламаларының тобы: M053 Тарих және археология

4 Кредит көлемі: 120 ECTS

5 Оқу түрі: күндізгі

6 Оқу тілі: қазақ, орыс

7 Берілетін академиялық дәреже: 7M02201 - Тарих білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі

8 Білім беру бағдарламасының түрі: қолданыстағы

9 БЖХС бойынша деңгей: 7

10 ҰБШ бойынша деңгей: 7

11 СБШ бойынша деңгей: 7

12 ББ ерекшеліктері: жоқ

ЖОО партнер (серіктес)

ЖОО партнер (серіктес)

13 Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі: 28.07.2020 ж. №016 KZ83LAA00018495

14 Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі: Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік (IQAA). 10.06.2019 жылғы SA-A білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу туралы куәлік №0168/5, куәліктің қолданылу мерзімі: 2019 жылғы 10 маусым – 2024 жылғы 07 маусым

15 Білім беру бағдарламасының мақсаты: «7M02201-Тарих» білім беру бағдарламасының мақсаты гуманитарлық білім саласында педагогикалық және ғылыми қызметті жүзеге асыруға қабілетті тарихшыларды даярлау.

16 Түлектің біліктілік сипаттамасы:

а) Біліктілік пен лауазымдар тізбесі

- ЖОО оқытушысы;
- колледж оқытушысы;
- ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері;
- мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің қызметкері.

б) Кәсіби қызмет саласы мен объектілері

"7M02201-Тарих" білім беру бағдарламасы бойынша түлектердің кәсіби қызмет саласы:

- ҚР ЖОО-да, колледждер мен лицейлерде оқытушылық қызмет;
- білім алушылардың тұлғасын дамыту бойынша тәрбие қызметі;
- білім беру мекемелеріндегі ғылыми-зерттеу және инновациялық-әдістемелік қызмет;
- мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердегі басқару қызметі.

"7M02201-Тарих" білім беру бағдарламасы бойынша магистрлердің кәсіби қызметінің объектілері болып табылады:

- ғылыми-зерттеу орталықтары;
- білім беру мекемелері: лицейлер, колледждер, ЖОО;
- мемлекеттік басқару органдары;
- коммерциялық және коммерциялық емес кәсіпорындар;
- музеев, архивтер,

в) Кәсіби қызмет түрлері

- білім беру;
- ғылыми-зерттеу;
- ұйымдастыру-әдістемелік;

- мемлекеттік басқару органдарындағы жұмыс.

г) Кәсіби қызметінің функциялары:

- оқу-әдістемелік;
- ғылыми-зерттеу;
- тәрбие;
- ұйымдастыру-әдістемелік;

Әлеуметтік сала салалары үшін ғылымның тиісті бағыттары бойынша пәндерді іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеу даярлығын және тереңдете зерделеуді көздейді.

Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрі	Оқыту нәтижесінің коды	Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	ОН 1	Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал ететін жоғары мектеп басқармасының ғылым, педагогика және психология тарихы мен философиясының өзекті білімдерін көрсетеді;
	ОН 2	Кәсіби қызметтің міндеттерін шешу үшін үш тілде вербалды және бейвербалды түрде еркін, қол жетімді және сенімді қарым-қатынасқа түсе алады.
	ОН 3	Кәсіби қызметінде бәсекеге қабілеттілік, ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, прагматизм, өзара түсіністік, төзімділік және қазіргі қоғамның демократиялық құндылықтары басымдықтарын ескере отырып, азаматтық позициясын көрсетеді.
	ОН 4	Әртүрлі қызмет түрлерінде АКТ-ны пайдалану білімі мен дағдыларын меңгерген.
	ОН 5	Білім беру ұйымдарының педагогикалық үдерісін ұйымдастыруда, жоспарлауда және басқаруда іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлы және технологиялық тәсілдерді басшылыққа алады.
2. Цифрлық құзыреттіліктер: (Digital skills)	ОН 6	Тарих әдістемесінің рөлін, маңызын және тарих ғылымының әлеуметтік қызметтерін бағалап, тарихи деректерді ішкі және сыртқы сыннан өткізіп, тарихтың өзекті мәселелері бойынша деректану мен тарихнамалық зерттеулерді қорытындылайды.
	ОН 7	Қазіргі демографиялық құбылыстар мен процестердің, тарихи даму мен урбанистиканың негізгі терминдерін, ұғымдарын, категорияларын, факторларын, тенденцияларын мен заңдылықтарын пайдаланады.
3. Кәсіби құзыреттіліктер: (Hardskills)	ОН 8	Архивтану мен музейтанудың дамуындағы өзекті мәселелерді еркін саралап; Қазақстанның архив ісі саласындағы қолданыстағы нормативтік актілерді тәжірибеде қолдана алады.
	ОН 9	Практикалық қызмет барысында өзінің кәсіби дайындық деңгейін бағалайды.
	ОН 10	Магистрлік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазуда ғылыми бағытты, тақырыпты, гипотезаны, әдіснамалық тәсілдерді таңдай білу іс-әрекетін көрсетеді.
	ОН 11	Магистрлік диссертацияны жазу мен ресімдеудің әдістемелік нұсқаулықтарына сәйкес ғылыми зерттеуді жүзеге асырады.

Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пәндер атауы	Көлемі (ECTS)
ОН-1, ОН-3, ОН-6, ОН-7, ОН-9, ОН-11	Әлеуметтік-гуманитарлық білімнің философиялық және тарихи аспектілері	Ғылым тарихы мен философиясы	4
		Жоғары мектеп педагогикасы	4
		Басқару психологиясы	4
		Педагогикалық практика	4
ОН-2, ОН-4, ОН-5, ОН-7, ОН-8	Кәсіби тілдер және этнология	Шет тілі (Кәсіби)	4
		Этнологиялық зерттеулердің жаңа тұжырымдамалары Ежелгі және қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени процестер	5
ОН-1, ОН-2, ОН-3, ОН-4,	Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру, жоспарлау және Тарихты оқыту әдістемесі	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру Гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	5

ОН -5, ОН -10, ОН -11		Отандық тарихты оқыту әдістемесіндегі инновациялар Қазақстандағы жоғары мектептің даму тарихы	5
ОН-1, ОН-3, ОН-4, ОН-5, ОН-6, ОН-7, ОН-8, ОН-9, ОН-10	Тарих, деректану және тарихнаманың іргелі мәселелері	Қазақстанның мәдени мұрасы: дереккөздер мен қазіргі жағдайы (ағылшын тілінде)	4
		Деректану және тарихнаманың теориялық-әдіснамалық мәселелері	4
		Қазақ зиялыларының қалыптасу тарихы	4
ОН-1, ОН-2, ОН-3, ОН-4, ОН-5, ОН-6, ОН-7, ОН-8, ОН-9, ОН-10, ОН-11	Тарих демография және урбанистика	XX ғасырдағы Қазақстанның экономикалық модернизациясы Қазақстандағы XX ғасырдағы тоталитарлық режим	4
		Қазақстан тарихын зерттеудегі фольклорлық материалдар XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстандағы саяси партиялар мен қозғалыстар	4
		Қазақстан тарихы деректануының өзекті мәселелері Қазақстанның тарих ғылымының тарихы (XX ғасырдың 30-шы жылдардың ортасы – 80-ші жылдардың ортасы)	4
		World integration and globalization: civilizational aspect Диаспорология	4
		Шетелдік тарихнаманың өзекті мәселелері Әлемдік тарихтың іргелі проблемаларына жаңа көзқарастар	4
		Тарихи урбанистика Қазақстанның демографиялық тарихының өзекті мәселелері (XIX-XXI ғғ. соңы)	4
		Зерттеушілік практика	13
			24
ОН-1, ОН-2, ОН-3, ОН-4, ОН-5, ОН-6, ОН-7, ОН-8, ОН-9, ОН-10, ОН-11, ОН-12	Ғылыми-зерттеу жұмысы	Тағылымдамадан өтуді және магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	
ОН-1, ОН-3, ОН-4, ОН-5, ОН-6, ОН-8, ОН-10, ОН-11	Қорытынды аттестатау	Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау	12
	Барлығы		120

Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредитер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)										
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11
Жалпы білім беретін пәндер циклі (бакалавриат үшін) ЖОО компоненті														
D1	Ғылым тарихы мен философиясы	Тарихи дамудағы және өзгермелі әлеуметтік-мәдени контекстіндегі ғылыми танымның үлгілері. Ғылыми танымның ерекшеліктері, ғылыми қызметтің институционалдық нысандарының тарихи дамуы. Ғылыми кадрларды даярлаудың ерекшеліктері. Ғылымның қоғамдағы орны мен рөлінің өзгеруі.	4	+		+				+				
D2	Жоғары мектеп педагогикасы	Жоғары білім берудің заманауи парадигмасын меңгеру және университеттерде оқытудың	4	+					+					

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредитер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)											
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	
		кәсіби дағдыларын меңгеру. Оқытудың инновациялық әдістерін қолдана білу, критериалды бағалау әдіснамасын ескере отырып, педагогикалық бақылау мен білімді бағалауды жүргізу.													
D3	Басқару психологиясы	Магистранттарда басқарушылық қызметтің психологиялық заңдылықтары туралы, менеджер қызметінің құрылымында әлеуметтік психологиялық білімді қолдану ерекшеліктерін ашуда, тиімді басқарудың, теориялық ережелердің және басқару психологиясының өзекті мәселелерінің негізін құрайтын әлеуметтік-психологиялық принциптерді талдау дағдыларын игеруде жүйелі идеяларды қалыптастыру.	4	+							+				
D4	Шет тілі (Кәсіби)	Магистрант мамандығының пәндік саласында сөйлеу әрекеттерінің іскерліктері мен дағдыларын дамыту. Оқытылатын шетел тіліндегі базалық категориялық-түсініктеме аппараты және кәсіби шет тілдік терминология. Кәсіби-бағытталған шетел тілінде мамандықтың пәндік саласына кіріспе. Шетел тілінде мамандық бойынша пәндік сала мазмұнының сипаттамасы. Арнайы кәсіби- бағытталған материал және оны берілген кәсіби жағдаяттарда қолдану.	4		+							+			
Негізгі пәндер циклі Таңдау компоненті															
D5	Этнологиялық зерттеулердің жаңа тұжырымдамалары Ерте және қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени үдерістер	Осы пән аясында магистрант этногенетикалық процестердің негіздерін, Этногенез және этникалық тарих мәселелерін, қазақтардың этникалық құрамын зерттейді. Этнографиялық зерттеулердің негіздері, этногенетикалық, этникалық құбылыстарды жіктеудің жалпы жүйесі. Бұл пән шеңберінде магистранттар этногенетикалық үрдістер, этногенез және этникалық тарих мәселелерін, сонымен қатар Қазақстан халықтарының этникалық құрамын оқып біледі. Сонымен бірге этнографиялық зерттеулер негіздерімен және этногенетикалық, этникалық құбылыстарды жіктеудің жалпы жүйесімен танысады.	5				+	+							

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредитер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)											
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	
D6	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру Гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау	Ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерцияландырудың теориялық және практикалық негіздері. Ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерцияландырудың ерекшелігі. Ғылыми-білім беру және экономиканың нақты секторы үшін ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерцияландырудың маңызы. Ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерцияландыруды жүзеге асыру саласындағы нормативтік-құқықтық реттеу. Ғылыми зерттеу нәтижелерін коммерцияландыруды іске асыру тетіктері. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы ғылыми зерттеу ұғымы және әдістері. Ғылыми зерттеу үдерісінің логикасы. Зерттеу идеясы және оның негізгі кезеңдері. Зерттеушілік үдеріс кезеңдерінің құрылымы және мазмұны. Ғылыми жұмыстарды дайындау бойынша жалпы ұсыныстар. Зерттеудің қолжазбасын жазу әдістемесі.	5				+						+	+	
D7	Отандық тарихты оқыту әдістемесіндегі инновация Қазақстандағы жоғары мектептің даму тарихы	Педагогикалық қауымдастықтың мақсаты - тарихшы-ғалымдардан мектеп мұғалімдеріне дейін, біреуі - мектепте және ЖОО-да пәнді оқытудың заманауи тәсілдерінің көмегімен жастардың туған тарихын зерттеуге қызығушылығын қайтару. Тарих сабақтарында ойын технологиялары мен ойындар. Оқытудың ойын түрлерінің оқу нәтижелері мен білім беру әсерлері. Мектепте заманауи ойын технологиялары: іскерлік және рөлдік ойындар, "Алты қалпақ", "Дебаттар" технологиясы. Тарихи квесттер. Пәннің мақсаты – Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру жүйесінің даму тарихын зерттеу. Келесі аспектілер зерделенеді: дүние жүзіндегі жоғары білімнің дамуының негізгі тенденциялары, жоғары білім беру жүйесін дамытудың нормативтік-құқықтық базасы, Болон процесінің даму тарихы және оның Қазақстанда жүзеге асырылуы, ЖОО менеджменті мәселелері және т.б.	5	+		+									
Бейіндік пәндер циклі ЖОО компоненті															
D8	Қазақстанның	Түсініктер, ұғымдар анықтамасы, деректер.	4		+		+						+		

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредитер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)											
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	
	мәдени мұрасы: дереккөздер мен қазіргі жағдайы (ағылшын тілінде)	Материалдық және материалдық емес мәдени мұраны қорғау саласындағы әлемдік және ұлттық заңнама. Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы. Қазақстандық мәдени нысандар ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұрасы тізімінде. "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы. Кластерлік тәсіл. Мәдени мұраны сақтаудағы музейлер және олардың рөлі.													
D9	Тарихнама мен деректанудың теориялық әдістемелік мәселелері	Зерттелетін пәннің теориялық және әдіснамалық негіздерін меңгеру; деректанулық және тарихнамалық зерттеудің әдістемесі мен техникасын білу; тарихи деректерді зерттеу әдістерінің жалпы ғылыми және тарихи әдіснамаға байланысын ашу; типологиялық және түрлік жіктеу тұрғысынан өзекті теориялық-әдіснамалық мәселелер бойынша деректер мен әдебиеттің негізгі топтарын қарастыру.	4				+	+			+				
D10	Қазақ интеллигенциясының қалыптасу тарихы	Осы пән аясында магистрант Қазақстанның XX ғасыр басындағы саяси өмірінің тарихын зерделейді. Демократиялық, либералдық-реформистік бағыттағы қазақ зиялыларының тарихы қарастырылады. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси бірлестіктердің қалыптасу және даму тарихы, мақсаттары, міндеттері зерделенеді.	4				+			+					
Бейіндік пәндер циклі Таңдау бойынша компонент															
D11	XX ғасырдағы Қазақстанның экономикалық модернизациясы Қазақстандағы XX ғасырдағы тоталитарлық режим	Нақты тарихи материалда XX ғасырдағы Қазақстанның экономикалық жаңғыруының негізгі кезеңдері туралы объективті білім жүйесін беру. Пәнді оқу магистранттардың тарихи білімі мен санасын дамытуға, олардың Қазақстан Республикасының алдында тұрған міндеттерді шешуге белсенді қатысуына ықпал етуге бағытталған. Тоталитаризмнің дефинициясы. Мәселенің теориялық және әдіснамалық аспектілері: тарихнама, деректану және әдіснама. Қазақстанда тоталитарлық режимнің қалыптасуы. Ұлттық интеллигенцияға қарсы большевиктік террор. Қазақстан аумағында лагерь жүйесінің қалыптасуы. XX ғасырдың	4				+	+							

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредитер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)											
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	
		бірінші жартысындағы саяси қуғын-сүргін. КСРО халықтарының Қазақстанға жер аударылуы. XX ғ. 70-80 жылдарындағы тоталитарлық жүйеге қарсылық. Тоталитарлық жүйенің күйреуі.													
D12	Қазақстан тарихын зерттеудегі фольклорлық материалдар XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстандағы саяси партиялар мен қозғалыстар	Ауызша халық шығармашылығы Қазақстан тарихының тарихи көзі ретінде. Шежіре Қазақстан тарихының ерекше көзі ретінде. Ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихын қайта құрудағы ертегілер, аңыздар, эпостар және т. б. фольклорлық материалдар. Ресейлік саяси партиялар, олардың Қазақстандағы филиалдарының тарихын зерттеу; Қазақстандағы саяси-қоғамдық қозғалыстардың дамуындағы Алаш партиясының, КОКП-ның қызметі мен рөлін нақтылау; Қазақстан Республикасындағы саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың мазмұнымен және қызметімен танысу.	4					+				+			
D13	Қазақстан тарихы деректануының өзекті мәселелері Қазақстанның тарих ғылымының тарихы (XX ғасырдың 30-шы жылдардың ортасы – 80-ші жылдардың ортасы)	Құрстың теориялық және әдістемелік негіздері. Қазақстан тарихының деректері ғылыми пән ретінде. Тарихи деректерді зерттеудің Қазақстан тарихы ғылымындағы рөлі мен орны. Қазақстан тарихы бойынша деректердің жіктелуі және жүйеленуі. Қазақстан тарихы бойынша деректерді жіктеу принциптері. Деректердің жеке топтарының ерекшелігі. Бұл пәннің мақсаты XX ғасырдың 30-жж. ортасынан бастап 80 жж. ортасына дейінгі Қазақстандағы тарих ғылымының дамуын зерделеу. Қазақстанның негізгі академиялық және ғылыми орталықтарының құрылу және қызмет ету тарихы қарастырылады. Көрсетілген кезеңдегі тарих ғылымының негізгі бағыттары, негізгі ғылыми жетістіктері зерделенеді.	4				+								
D14	Әлемдік интеграция және жаһандану: өркениеттік аспект (ағылшынша) Диаспорология	«Әлемдік интеграция және жаһандану: өркениеттік аспект» пәні өркениет феномені, жаһандану және интеграция үдерістерін қазіргі заманғы әлемдік қоғамдастыққа тән өзара байланысты үдерістер ретінде қарастырады сонымен бірге жаһандану мен интеграцияның өркениеттің дамуына әсерін талдайды. Диаспора: дефинициясын әзірлеу. Диаспорологияның теориялық және	4		+			+							

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредитер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)										
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11
		әдіснамалық аспектілері. Диаспора зерттеу мәселесі ретінде: тарихнама және деректану мәселелері. Диаспора сәйкестігінің метаморфозалары. Диаспоралардың типологиясы. Әлемдегі диаспора саясаты. Әлемдік саясаттағы диаспоралар. Әлемдік диаспоралардың тарихы. Қазақ диаспорасының тарихы.												
D15	Шетелдік тарихнаманың өзекті мәселелері Әлем тарихының іргелі мәселелеріне жаңаша көзқарас	Бұл пәннің мақсаты дүниежүзілік тарихтың іргелі мәселелерін жаңа көзқараста зерделеу. Ежелгі, ортағасырлық, жаңа және қазіргі кезеңдегі дүниежүзі тарихының теориялық және әдістемелік мәселелері бойынша білім жүйесін меңгеру. Шет елдердің ежелгі, ортағасырлық, жаңа және қазіргі тарихының экономикалық, әлеуметтік-демографиялық, саяси, мәдени дамуын зерделеу. Бұл пәннің мақсаты дүниежүзілік тарихтың теориялық және әдіснамалық мәселелері бойынша білім жүйесін меңгеру болып табылады. Шет елдердің ежелгі, ортағасырлық, жаңа және жаңа тарихының экономикалық, әлеуметтік-демографиялық, саяси, мәдени дамуының сипаттамасы зерделенеді.	4			+			+					
D16	Тарихи урбанистика Қазақстанның демографиялық тарихының өзекті мәселелері (XIX-XXI ғғ. соңы)	Алғашқы қауымдық қоғамда адамзаттың урбанистік дамуының алғышарттарының пайда болуы. Ортағасырлық, жаңа заман, жаңа тарихтағы урбанистік үдерістің тарихи ерекшеліктері. Шығыс, Еуразия, Еуропа және Америка үшін қалалар мен урбанистік тарихтың даму ерекшелігі. Курса теориялық-әдіснамалық проблемалар, тарихнама және дереккөз базасы, демографиялық талдау әдістері, халықтың қоныстану теориясы, халықтың өлім-жітімі мен өмір сүру ұзақтығы, туу проблемалары және оның қазіргі заманғы үрдістері, халықтың көші-қоны сияқты проблемалар қарастырылады.	4							+		+		
Практика														
D17	Педагогикалық практика	Оқу сабақтарын ұйымдастыру және жобалау бойынша әдістемелік жұмыстарды жүзеге асыру; сабақ барысында аудитория алдында сөз сөйлеу және шығармашылық атмосфера құру; -	4	+		+			+					

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредитер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)											
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	
		педагогикалық қызметте туындайтын қиындықтарды талдау және оларды шешу бойынша іс - қимыл жоспарын қабылдау; - психологиялық - педагогикалық зерттеулерді дербес жүргізу; - педагогикалық қызмет процесі мен нәтижесін өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау. оқу материалының мақсаттары мен мазмұнына сай келетін оқыту әдістері мен құралдарын таңдау.													
D18	Зерттеу практикасы	Отандық және шетелдік ғылымның теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін зерделеу, сондай-ақ ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолданудың практикалық дағдыларын бекіту, диссертациялық зерттеуде эксперименттік деректерді өңдеу және түсіндіру.	13									+		+	+
Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы МҒЗЖ															
D19	Тағылымдамадан өтуді және магистрлік диссертацияны орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	Зерттеу жұмысы магистранттың әр семестрдегі өзіндік жұмысының негізгі түрі болып табылады және ең алдымен магистранттың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырады. Ғылыми зерттеу-бұл жаңа ғылыми білім алу процесі, танымдық іс-әрекеттің бір түрі. Ғылыми зерттеу нақты жеке мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған қолданбалы сипатта болуы мүмкін немесе тікелей қолдану перспективаларына қарамастан жаңа білім өндіруді білдіретін іргелі сипатта болуы мүмкін.	24											+	+
Қорытынды аттестатау															
D20	Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау	Библиография құрастыру. Дереккөздерді талдау. Тарихи шолу жазу. Зерттеудің құрылымын, жоспарын, мақсаты мен міндеттерін, өзектілігін анықтау. Магистрлік жұмыстың ғылыми-практикалық маңызы. Зерттеу әдістерін таңдау. Әдістемелік негізді анықтау. Қорытындылар мен қорытындыларды тұжырымдау. Диссертацияның негізгі тарауларын жазу.	12						+					+	+

Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)

Оқыту нәтижелері	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері (ЖОН)	Оқыту нәтижелері	Бағалау әдістері
ЖОН1	Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал ететін жоғары мектеп басқармасының ғылым, педагогика және психология тарихы мен философиясының өзекті білімдерін көрсетеді;	Интерактивті дәріс	тест
ЖОН2	Кәсіби қызметтің міндеттерін шешу үшін үш тілде вербалды және бейвербалды түрде еркін, қол жетімді және сенімді қарым-қатынасқа түсе алады.	кейс-әдістер	коллоквиум
ЖОН 3	Кәсіби қызметінде бәсекеге қабілеттілік, ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, прагматизм, өзара түсіністік, төзімділік және қазіргі қоғамның демократиялық құндылықтары басымдықтарын ескере отырып, азаматтық позициясын көрсетеді.	Жобалық оқыту	презентациялар
ЖОН4	Әртүрлі қызмет түрлерінде АКТ-ны пайдалану білімі мен дағдыларын меңгерген.	дискуссия	Жоба әзірлеу
ЖОН5	Білім беру ұйымдарының педагогикалық үдерісін ұйымдастыруда, жоспарлауда және басқаруда іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлы және технологиялық тәсілдерді басшылыққа алады.	төңкерілген класс (Flipped Class)	Эссе жазу
ЖОН 6	Тарих әдістемесінің рөлін, маңызын және тарих ғылымының әлеуметтік қызметтерін бағалап, тарихи деректерді ішкі және сыртқы сыннан өткізіп, тарихтың өзекті мәселелері бойынша деректану мен тарихнамалық зерттеулерді қорытындылайды.	Деректердің түрлі кешендерімен топтық жұмыс	"бірге оқыту" стратегиясы
ЖОН 7	Қазіргі демографиялық құбылыстар мен процестердің, тарихи даму мен урбанистиканың негізгі терминдерін, ұғымдарын, категорияларын, факторларын, тенденциялары мен заңдылықтарын пайдаланады.	әсер етуші факторларды талдау және есепке алу әдісі	құзыреттілікке бағытталған тесттер
ЖОН 8	Архивтану мен музейтанудың дамуындағы өзекті мәселелерді еркін саралап; Қазақстанның архив ісі саласындағы қолданыстағы нормативтік актілерді тәжірибеде қолдана алады.	белгілі бір тақырып бойынша тәуелсіз зерттеу	реферат
ЖОН 9	Практикалық қызмет барысында өзінің кәсіби дайындық деңгейін бағалайды.	Имитациялық-рөлдік ойындарға негізделген топтық сабақтар	Іскерлік ойындар
ЖОН 10	Магистрлік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жазуда ғылыми бағытты, тақырыпты, гипотезаны, әдіснамалық тәсілдерді таңдай білу іс-әрекетін көрсетеді.	Сократтық диалог	коллоквиум
ЖОН11	Магистрлік диссертацияны жазу мен ресімдеудің әдістемелік нұсқаулықтарына сәйкес ғылыми зерттеуді жүзеге асырады.	талқылау және пікірталас	баяндама

Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерийлер
ЖОН 1	қазақстандық қоғамды табысты жаңғыртудың негізгі факторларын және оның кросс-мәдени аспектідегі ерекшелігін біледі.
	философиялық ұғымдарды, тұжырымдамаларды, қағидаларды талдау мәселелерінде өздігінен бағдарлай білу, білім алушылардың қабілеттілік деңгейін анықтай білу, жеке тұлға мен ұжымды басқару психологиясын білу, дәріс және практикалық сабақтар, СӨЖ,СӨЖ үшін оқу-әдістемелік, дидактикалық материалдарды әзірлеуді істей алады;
	ғылымның тарихы мен философиясының, жоғары мектеп педагогикасының, басқару психологиясының өзекті мәселелерін меңгерген.
ЖОН 2	шетелдік дерек көздерден кәсіби ақпарат алу және жалпы және кәсіби деңгейде қарапайым қарым-қатынас жасау үшін қажетті көлемде шет тілін біледі.
	тұлғааралық қарым-қатынаста және кәсіби қызметте шет тілін қолдана білу; әңгіме барысында өз ойларын еркін білдіруді және сұхбаттасушының шет тіліндегі сөзін түсіну; шет тілінде жазбаша қарым-қатынас жасау, іскерлік хаттар құрастыруды істей алады.
	шет тілінде тұлғааралық, іскерлік және кәсіби қарым-қатынаста өз ойларын мен пікірлерін білдіру дағдыларын; шет тілінде сөйлеу әрекетінің (оқу, жазу, сөйлеу, тыңдау) әртүрлі дағдыларын меңгерген.
ЖОН 3	ғылыми зерттеулерді коммерцияландырудың негізгі ұғымдарын және олардың өзара байланысын; ЖОО ғылыми әзірлемелері мен технологияларын

	<p>коммерцияландыру әдіснамасын біледі.</p> <p>инновациялық жобаға қатысушылардың, магистранттардың өзара іс-қимыл процестерін тиімді педагогикалық қызметті ұйымдастырудың теориялық және практикалық аспектілерінде өз бетінше бағдарлауды істей алады.</p> <p>коммерциялық әлеуеті бар жаңа технологияларды менгеру және ғылыми қызмет нәтижелерін іске асыру үшін жаңа мүмкіндіктерді меңгерген.</p>
ЖОН 4	<p>тарихи және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар әдіснамасының заманауи мәселелерін біледі.</p> <p>ғылыми-педагогикалық қызметте оқу-танымдық, ғылыми-зерттеу, кәсіби-шығармашылық өзіндік дайындықты біріктіруді істей алады.</p> <p>ақпараттық және білім беру технологиялары негізінде өз білімін кеңейту дағдыларын, ЖОО-да білім беру процестерін ұйымдастыру және басқаруды меңгерген.</p>
ЖОН 5	талдау және синтездеу, индукция және дедукция, салыстыру және т.б. ғылыми зерттеу әдістерін қолдануды, оқытылатын пәндерге шығармашылық және тәуелсіз көзқарасты ынталандыруды біледі.
ЖОН 6	АКТ қолданудың теорияларын, негізгі категориялары мен әдістерін меңгерген.
ЖОН 7	<p>жаңа инновациялық-әдістемелік технологияларды және оқытудың белсенді әдістерін, студенттермен қарым-қатынас психологиясы мен педагогикасын біледі.</p> <p>ғылыми-педагогикалық қызметте оқу-танымдық, ғылыми-зерттеу, кәсіби-шығармашылық өзіндік дайындықты істей алады.</p> <p>сыни ойлау әдістерін, тарихи ғылымның өзекті мәселелерін қою мен шешудің хронологиялық жүйелілігі мен кешенділігін меңгерген.</p>
ЖОН 8	<p>архивтану мен музейтану саласындағы нормативтік құжаттарды біледі.</p> <p>Қазақстан архив, музей ісі саласындағы қолданыстағы нормативтік актілермен жұмыс істей алады.</p> <p>архив құжаттарымен және музей қорларымен жұмыс істеу әдістерін меңгерген.</p>
ЖОН 9	тиімді педагогикалық қызметті ұйымдастырудың теориялық және практикалық аспектілерін еркін бағдарлай біледі.
ЖОН 10	<p>мамандандыру шеңберіндегі іргелі ғылымдардың негіздерін, ғылыми нәтижелерді ұсынуға және ресімдеуге қойылатын талаптарды біледі.</p> <p>білім беру жағдайын талдай білу, негізделген шешімдер қабылдау, олардың әлеуметтік салдарын болжау; ғылыми тұжырымдарды логикалық түрде дәлелдеу, алынған материалды жалпылау, ғылыми мақалалар жаза алады.</p> <p>тарих ғылымының теорияларын, негізгі категориялары мен әдістерін меңгерген.</p>
ЖОН 11	<p>магистрлік диссертация құрылымының мақсаты мен міндеттерін, пән, объект, ғылыми зерттеуді жазу және рәсімдеу бойынша негізгі талаптарды біледі.</p> <p>ғылыми жұмыс гипотезасын тұжырымдай білу, зерттеу әдістерін таңдау (жалпы ғылыми және арнайы), жоспар құру және ғылыми ізденістің құрылымы мен кезеңдерін анықтауды істей алады.</p> <p>магистрлік диссертацияны қорғау кезінде қойылған тақырып бойынша дереккөздермен және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын, шешендік шеберлігін меңгерген.</p>

17. Түлек моделі

Түлектің атрибуттары:

Тарих ғылымы саласындағы жоғары кәсіби деңгей

Эмоционалды интеллект

Жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы бейімділігі

Көшбасшылық және жауапкершілікті алу мүмкіндігі

Жаһандық азаматтық

Академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңызын түсіну

Құзыреттілік типтері	Құзыреттілік сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	<p>Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал ететін ғылым тарихы мен философиясының, жоғары мектеп педагогикасы мен басқару психологиясының өзекті білімдерін көрсетеді;</p> <p>Кәсіби қызметтің міндеттерін шешу үшін үш тілде ауызша және вербалды емес нысанда еркін, қолжетімді және сенімді сөйлесе алады.</p> <p>Өзінің кәсіби қызметінде бәсекеге қабілеттілік, ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, прагматизм, өзара түсіністік, толеранттылық және қазіргі қоғамның демократиялық құндылықтары басымдықтарында өзінің азаматтық ұстанымын бекітеді.</p> <p>Тарих әдіснамасының рөлі мен маңызын және тарих ғылымының әлеуметтік функцияларын бағалайды, Тарихи дереккөздердің ішкі және сыртқы сын-пікірлерін жүргізеді; деректанулық және тарихнамалық зерттеулерді сын тұрғысынан бағалайды және қорытындылайды. XX ғасырдағы қоғамдық-саяси қозғалыстардың, қоғамдық ұйымдардың, саяси партиялардың қалыптасу процесін біледі және талдайды.</p> <p>Қазіргі демографиялық құбылыстар мен процестердің, тарихи даму мен урбанистиканың негізгі терминдерін, ұғымдарын, категорияларын, факторларын, үрдістері мен заңдылықтарын пайдаланады, тарих ғылымының әдіснамасы мен әлеуметтік функцияларының рөлі мен маңызын бағалайды, тарихи дереккөздерді ішкі және сыртқы сынауды жүргізеді; деректанулық және тарихнамалық зерттеулерді сыни бағалайды және қорытады.</p>
2. Цифрлық құзыреттіліктер: (Digital skills)	<p>Әр түрлі қызмет түрлерінде АКТ пайдалану білімдері мен дағдыларын меңгерген;</p> <p>Білім беру ұйымдарының педагогикалық процесін ұйымдастыруда, жоспарлауда және басқаруда қызметтік, тұлғаға бағытталған және технологиялық тәсілдерді басшылыққа алады.</p>
3. Кәсіби құзыреттіліктер: (Hardskills)	<p>Архивтану мен музейтануды дамытудың өзекті мәселелеріне еркін бағдар алады; Қазақстан мұрағат ісі саласындағы қолданыстағы нормативтік актілерді практикада қолдана алады.</p> <p>Практикалық қызмет барысында өзінің кәсіби дайындық деңгейін бағалайды.</p> <p>Ғылыми бағытты, тақырыпты, гипотезаны, ғылыми-зерттеу, магистрлік жұмыстарды жазудың әдіснамалық тәсілдерін анықтау дағдыларын көрсетеді.</p> <p>Магистрлік диссертацияны жазу және ресімдеу бойынша әдістемелік нұсқауларға сәйкес ғылыми зерттеуді орындайды, дүниетанымдық сипаттағы білімі бар.</p>

Құрастырғандар:

Жұмыс тобының мүшелері:


Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының меңгерушісі

Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының профессоры

Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының аға оқытушысы

"Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясы" КММ тарих пәнінің мұғалімі

Бірінші курс магистранты


К.Т. Бодеев
Р.М. Жумашев
Т.Қ. Сақабай
Д. Оспан
А.Қ. Қайыржан

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесі отырысында қарастырылды «28» 03 2022 ж. Хаттама № 9

Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық Кеңесі отырысында қарастырылды «28» 04 2022 ж. Хаттама № 5

Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылды және бекітілді «26» 05 2022 ж. Хаттама № 12

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер бойынша проректор

Академиялық жұмыс департаментінің директоры

Факультет деканы


Т.З. Жүсіпбек
Г.С. Ақыбаева
Д.А. Джумабеков

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ
7М02201-Тарих

Жоспардың мақсаты – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

Мақсатты индикаторлар

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
1	Кадрлық потенциалды дамыту					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны	1	-	1	-
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	-	1	-	-
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту немесе қонақ дәрістер	Адам саны	1	1	1	1
2	Рейтингтердегі БББ жылжыту					
2.1	НАОКО	Позициясы	үздік 5-ке	үздік 4-ке	үздік 3-ке	
2.2	НААР	Позициясы	үздік 5-ке	үздік 4-ке	үздік 3-ке	
3.	Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу					
3.1	Оқу құралы	Саны	-	-	1	-
3.2	Оқу құралдары	Саны	-	1	-	1
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны	-	-	1	-
3.4	Электронды оқулық	Саны	-	-	1	-
3.5	Видео/аудиодәріс	Саны	-	-	-	1
4.	Оқу және зертханалық базаны дамыту	Саны				
4.1	Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	Саны	1	-	-	-
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны	2	-	-	-
5.	БББ мазмұнын өзектендіру					
5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер	Жыл	-	+	-	-

	тізбесін жаңарту					
5.2	БББ-на шет тілдеріндегі оқу пәндерін енгізу*	Жыл	-	-	+	-
5.3	Оқытудың жаңа әдістерін енгізу		-	-	-	+

Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының меңгерушісі



Бодеев К.Т.